

*Манар Есентай кызы, Болортуяа Эрэв кызы*

## КОШОК ЫРЫ («ЖОКТОО») ӨЛКӨНҮН САЛТЫ КАТАРЫ

*Манар Есентай кызы, Болортуяа Эрэв кызы*

## ПЛАЧЕВАЯ ПЕСНЯ («ЖОКТОО») КАК ТРАДИЦИЯ СТРАНЫ

*Манар Есентай кызы, Болортуяа Эрэв кызы*

## ЖОҚТАУ- ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ

*Manar Yesentai kuzu, Bolortuuya Erev kuzu*

## THE LAMENTABLE SONG («JOKTOO») AS A TRADITION OF THE COUNTRY

УДК: 82.3/398 (574)

Казак элинин каада-салты – түгөнгүс булак, кажыбас ресурс. Бул биздин элибиздин асыл салттарынын бири, казак элинин салттуу ырларынын бири – аза күтүү ырлары, ооз аркылуу берилген, эсте калган, кылымдар бою сакталып келген. «Аза» - оозеки адабияттардын байыркы формасы". Бала алаканга түшүп жаткан күнү казак элинин арасында "Шилдеханды" коргойт, ыр менен баланын июль ырындагы кулагын ачат, ырлар менен жарыкты тосуп алат. Ал өлгөндөн кийин, биз аны аза ыры менен бешикке жиберебиз. Баарыбызга белгилүү болгондой, казак элинин бүт өмүрү жаңы ырдын бешигинде өтөт. Биз өмүр ыр, өлүм ыр деп айтып жатабыз.

**Негизги сөздөр:** үрп-адаттар, каада-салттар, оозеки адабият, поэмалар, ырлар, трасттык ырлар, жакшы мурас.

Традиции казахского народа - неиссякаемый источник, неиссякаемый ресурс. Это одно из благородных традиций нашего народа, одна из традиционных песен казахского народа - траурные песни, которые передавались из уст в уста, запоминались и сохранялись веками. «Траур» - древнейшая форма устной литературы. В казахском народе в день, когда ребенок плачет в ладони, охраняет «Шилдехана», открывает детское ухо красивой песней с июльской песней, песней встречает мир. А когда он умрет, мы отправим его в колыбель с траурной песней. Все мы знаем, что вся жизнь казахского народа сотрясена в колыбели поэзии. Он как бы поет и поет в свете короткой жизни, короткой жизни, пятидневного ложного мира, обманчивого настроения. Мы рассказываем о том, что жизнь - это песня, а смерть - это песня.

**Ключевые слова:** обычаи, традиции, устная литература, стихи, стихи, траурные песни, благородное наследие.

Қазақ халқының салт-дәстүрі – сарқылмайтын бұлақ, таусылмайтын кен. Ол – ғасырлар бойына ауыздан- ауызға жетіп, жатталып, сақталып, бейне теңізден інжу маржан сүзгендей реттеліп, іріленіп қалтын сақтап, ғасырдан ғасырға, қаймағы бұзылмай, бізге жеткен асыл мұраларымыз, тұрмыс салт жырларының бірі- Қазақ халқының жоқтау жырлары. «Жоқтау – ауыз әдебиетінің ең ескі түрі». Қазақ халқында бала шыр етіп алақанға түскен күні "Шилдехана" күзетіп, әсем әнмен сәби құлагын шілде жырымен ашады, жарық дүниені өлеңмен қарсы алады. Ал дүниеден қайтқанда жер бесікке жоқтау жырымен шығарып саламыз. Қазақ халқының күллі өмірі өлең бесігінде тербеліп өтетіні баршамазға мәлім. Аз өмірдің, қысқа ғұмырдың, бес күндік жалған дүниенің, алдамшы көңілдің ажарында ән ашатын, жыр басатын сияқты.

Өмірі де өлең, өлімі де өлеңге айналып өлеңмен өрілгені жайында баяндаймыз.

**Түйінді сөздер:** салт-дәстүр, тұрмыс салт, ауыз әдебиеті, ұйқас, өлең, жоқтау жыры, асыл мұра.

The traditions of Kazakh people are like endless spring and inexhaustible ore. One of the noble heritages of our people like traditional everyday-life songs, which have been passed from mouth to mouth, learnt by heart, and preserved throughout the centuries, is Kazakh people's mourning songs. "Mourning songs are the oldest form of oral literature." In the traditions of Kazakh people, a newborn baby is welcomed to this world with a lovely song by a tradition called "Shildehana"; and when passing away, a person is seen off by a song as well. We all know that the whole life of the Kazakh people is rocked in the cradle of poetry and melody. It appears as if songs soothe our longing souls in this short life of ours in this illusory world. Thus, we talk about how both life and death are defined as and related to songs.

**Key words:** customs, traditions, oral literature, poems, poems, mourning songs, noble heritage.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының "Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең" деген екі-ақ ауыз өлеңінен-ақ казак халқының қуанышы да жұбанышы да өлеңмен өрілгенін байқаймыз.

Қазақ халқында бала шыр етіп дүние есігін ашқан күні "Шилдехана" күзетіп, әсем әнмен сәби құлагын шилдехана жырымен ашады, жарық дүниені өлең бесігінде көреді. Ал дүниеден өткенде де жер қойнауына жоқтау жырымен шығарып саламыз. Қазақ халқының күллі өмірі өлең өнер бесігінде тербеліп өтеді екен-ау деп түйесің. Аз өмірдің, қысқа ғұмырдың, бес күндік жалған дүниенің, алдамшы көңілдің ажарын әнмен ашып, жырмен басатын сияқты.

Өмірі де өлең, өлімі де өлеңге айналып кеткен қасиетті халықтың бар тарихы өлеңмен өрілгенінің сыры содан екеніне көзің жетеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрі – сарқылмайтын бұлақ, таусылмайтын кен. Ол – ғасырлар бойына

ауыздан- ауызға жетіп, жатталып, сақталып, бейне теңізден інжу маржан сүзгендей реттеліп, іріленіп қалпын сақтап, ғасырдан ғасырға, қаймағы бұзылмай, бізге жеткен асыл мұраларымыз, тұрмыс салт жырларының бірі- Қазақ халқының жоқтау жырлары. «Жоқтау – ауыз әдебиетінің ең ескі түрі» (Ә.Марғұлан). Жоқтау ежелден бар. Қазақ халқының мәдениетін зерттеген Ә.А. Диваев осы тұрмыстық жыр турасында: «Қазақтың жоқтау өлеңдері - көшпелі қазақ әйелдерінің ақыл-ойын көрсетеді, жүрек сұлулығын суреттейді...» - деп бағалапты.

Жоқтау – қазақ халқының қара жамылған үй, қайтқан, қайтыс болған (өлген) адамның үй-ішіндегі туыстары сол адамды қаралы жыр айтып, жоқтап дауыс қылуы. Мұнда қайтыс болған адамның өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты, жақын жамағайындары, туған құда- құдағиларының о, дүниеге аттанған адамның үйіне жиналып, қолдарына орамалшыт алып беттерін басып жоқтау жырын айтады. Әр әйел әртүрлі қайғылы, азалы, мұңлы әуенге келтіріп, жоқтау мазмұндағы өлең сөзбен жоқтайды. Қаралы жырда қайтқан адамның тірі кезіндегі жақсылығы, кісілігі, артықшылығы, ары мен ақылы, мінез-құлқы, ел-жұртпен болған қарым-қатынасы, қоғамдағы орны, бет пен беделі, туысқа баурмалдығы түгел қосылып айтылады. Артында қалған туыс, отбасы адамдарының да зар болып зарығып қалғаны да қосыла жырланады. Мұны қазақ ғұрпында "Жоқтау жыр" немесе "Жоқтау" деп атайды.

Жоқтау жырының да өзіне хас қаралы әуені, азалы сөзі бар. Сөз мазмұнында аса терең тәрбиелік тәртіп, үлгі мен өнеге бар. Әншілік әуен, ақындық шабыт, жыршылдық сыр бар. Өлеңді қолма-қол үстінде құрап айту, қиуадан тауып, қиыстырып, қайғысын жауып жүрекке сөз жеткізу сынды шеберлік бар. Мұнда зар жылаған суық сарынды, мұңлы дауыс, қайғылы үн, азалы әуен, сұңқылдаған жылау адам сезімін толқытып, жыламас жанардан жас моншақтатады. Бұл дауысты естіген көңіл айта келген адамдардың өзінің іші-бауыры елжіреп, ән мен әуенге елтіп, қабырғалары қайғыдан қайысып, бірге жылап, бірге жоқтап кетеді.

Жоқтау жырларын зерттеу 19 ғасырдан басталады. Ш.Уәлиханов оған алғаш ғылыми баға беріп, бірнеше үлгісін жазып алған. Жоқтау ауыз әдебиетінің бағалы үлгісі ретінде жинап, 1926 ж. "23 жоқтау"

деп аталатын кітап етіп шығарған Ахмет Байтұрсынұлы болды. 19 ғасырдың соңы 20 ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың шығармаларында әр түрлі жоқтау үлгілері кездесіп отырады. Әсіресе, XX ғасырдағы қиын кезеңдерде ақын-жазушылар қаламынан туған жоқтау жырлар, Ұлы Отан соғысынан оралмаған, ерлікпен өмірін қиған ұлдарына арнаған халық жоқтаулары жеткілікті.

Жоқтауды Ахмет Байтұрсынұлынан кейін жүйелі түрде жинап, зерттеген тілші-ғалым Т.Арынов болды. Ол қазақтың жоқтау жырларын мұқият жинастырып, "Боздағым" деген атпен кітап етіп, бастырып шығарды (1990). Жоқтау' - қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі.

Түркі әдебиетіндегі жоқтаудың ең көне үлгілерінің бірі - "Алып Ер Тоңғаны жоқтау". "Бөрідей ұлып жылады, Жоқтады жырттып жағасын" дейді жырда. Махмұт Қашқаридың жазуы бойынша, жоқтау – ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырлардың бір түрі. Алып Ер Тоңға[1] түркілердің арғы тегі сақ ұлысының аты аңызға айналған билеушісі, жауларын тізе бүктірген алып батыр. Жыр мазмұнынан батырдың бейнесі, ерлік өмірі анық байқалады.

Алып Ер Тоңға өлді ме? а  
Мына заман кетті ме? а  
Енді жүрек жарылар... , б  
-----

Бектер аты болдырып, а  
Қайғы оларды солдырып, а  
Меңді жүзі сарғайып, а  
Запыран рең сүртілер... б

"Алып ер тоңға" дастаны түркі тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемі - көг өлшемінде туған. Бұл өлшем бойынша, жырдың алғашқы үш жолы өзара ұйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолымен ұйқасып, а-а-а-б; в-в-в-б; г-г-г-б түрінде болып келеді. Көне түркі ауыз әдебиеті тудырған мұндай жыр өлшемін ұлы ақындарымыз Дулат, Абай өздеріне ғана тән шеберлікпен жазба әдебиетте көркемдік дәстүр ретінде жалғастырағанын Абайды зерттеуші Мекемтас Мырзахмет ағамыз да тілге тиек еткен. Бұған Абайдың " Білімдіден шыққан сөз", "Келдік талай жерге енді"– деген өлеңі дәлел.

Қызыл тілім буынсыз, а  
Сөзімде жаз бар шыбынсыз, а

Тыңдаушымды ұғымсыз а  
Қылып тәңірім берген-ді. б

Жоктау жырлары ежелгі түркі халықтарына ортақ басқа әдеби мұраларда да кездесіп отырады. Сонау Орхон жазуларына үнілсек, бұл салттың түркілер өмірінде (Күлтегінді аза тұту, т.с.) де болғанын байқаймыз.

Інім Күлтегін қаза болды,  
Өзім қайғырдым.  
Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Өзім қайғырдым.  
Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласы бәрі өлгелі туған.  
Қайғырғаным сонша,  
Көзге ыстық жас келер,  
Көңілге ауыр шер келер,  
Тағы да ойландым,  
Қатты қайғырдым (4)

Соның бірі – оғыз-қыпшақ дәуірінің (8-9 ғасырлар) ескерткіші “Қорқыт ата кітабындағы” Дирсеханның жалғыз ұлы Бұқашты анасының жоқтау жыры. Осындай жоқтаулар ауыз әдебиетіндегі “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Ер Тарғын” сияқты қаһармандық эпостарда, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” сияқты ғашықтық жырларда да ұшырасады. Бұл жоқтау батырдың ел-жұртынан амалсыз айырылған кезінде, жау қолына түсіп, дұшпанынан қорлық көрген кезінде туыстарының қайғысымен аралас суреттеліп отырады. Жоктаудың бізге жеткен көне үлгілері халық тарихындағы болған оқиғалармен сабақтас. Осындай оқиға Қодан тайшының атақты жоқтауымен байланысты халық жадында сақталып қалған. Қара қыпшақ Қобыланды Әбілхайыр ханның қазысы, арғынның әділдігі үшін Ақжол аталған биі Дайырқожаны өлтіреді (1456).

«Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным?!

Сексеннен асып, тоқсанға жасым келгенде,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?  
Адасқанын жолға салдың бұл Ноғайлы ұлының,  
Аққан бұлақ, жаққан шырақ, жалғыз күнде  
құрыдың, Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді  
құлыным?!» деп зарлы жоқтаумен жоқтайды.

Осы жоқтау үлгісі хандық дәуірінде де өз жалғасын тауып отырған. Абылай ханның тұсында өмір

сүрген қазақтың батыры Бөгенбайды Үмбетей жыраудың жоқтауы.

Уа, Алатаудай Ақшадан  
Асып тудың, Бөгенбай!  
Болмашыдай анадан  
Болат тудың, Бөгенбай!  
Қалақайлап дулатқан,  
Қалдамандап шулатқан  
Қалмақты алдың, Бөгенбай!  
Құбыла көшкен байтақтың  
Ордасындай Бөгенбай!  
Темір жұмсап, оқ атқан  
Қорғасындай Бөгенбай!  
Қолтығы ала бұғының  
Пәйкесіндей Бөгенбай!  
Жалаңқия жерлерден  
Жазбай түсіп түлкі алған  
Білегі жуан бүркіттің  
Тегеурініндей Бөгенбай!

Үш жүздің басын қосқан қазақтың ханы Абылай-хан дүниеден өткенде Бұхар жыраудың Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайрусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай! Үш жүзден үш кісіні

Сонда да қалар ма екен құрбан қылсам, қайран жаның-ай!...-деп егіле жоқтағанын көреміз. Тарихта өзіндік орны бар тағы бір жоқтау Қаз дауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтауы,

Қазаққа арман жол салдың,  
Қолайлы қылып әр заңға.  
Жесір қатын, жетім ұл,  
Аруағыңа таянып,  
Ие болды мал-жанға.  
Жоғалмастай жол салып,  
Үлгі болып сөз қалып,  
Ақылың, бағың мольнан,  
Елің ерді соңыңнан.  
Арқасында әкемнің  
Отырған жоқ бұл қазақ,  
Ешкімнің кейін тобынан.

Қамқа жоқтауы – дәстүрлі қазақ жоқтауы. Мұнда баба жасына жетіп, ел алдындағы парызы мен қарызын мольнан өтеген қайраткердің ұзақ та мәнді өмірі жеткілікті сипатталады. Ұлтқа олжа салған ерлігі мен тапқырлығы орайлы айтылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығынан жоқтаудың не бір түрін көреміз. Баласына арнаған жоқтауы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Балғынды жоқтау

Басында қу ағаштың тақияң тұр,

Ақ күміс, адыра қалғыр, жарқырап тұр!

Келмесең сол барғаннан, жалғызым-ай,

Артында қалған апаң аңырап тұр.

Жеткенде жеті жасқа құран білдім,

Молдаға сені оқытқан құнан бердім.

Артында апасы жоқ, сіңілісі жоқ,

Қалыңды жалғызыма неге бердің ?!

Айтамын, айт дегеннен атым тұсап,

Тұсап қойған жерінде тұрсын жусап.

Келгенде елу беске, сұмырай Бәтен,

Туар ма енді бала Балғынға ұқсап?!- деп жоқтаса,

қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы поэзиясында мазмұны, тақырыбы, жанрлық және стильдік ерекшелігі жағынан оқшау тұрған бір топ өлеңдер - інісі Оспан мен баласы Әбдірахманға арналған жырлар. Оларды Мұхтар Әуезов «Бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» деп атаған. «Кешегі Оспан ағасы...» дейтін өлеңдерде Оспанның турашыл өр мінезін, адалдығын, ашық қол, жомарттығын басқаға өнеге етіп айтады. Қайғы-мұңға берілуден гөрі, жақсы қасиетін сүйсіне айтуы әлдеқайда күштірек. Мұны «Кешегі Оспан» деп басталатын өлеңінен байқаймыз. Мазмұны сәйкес, орайлас өлеңнің сөз ырғағы, екпінділік ағымы да жеңіл келеді:

«Кешегі Оспан - Бір бөлек жан,

Үйі - базар, түзі - той.

Ақша, нәрсе

Ала берсе,

Ат та мінсе,

көнді ғой.

Жауға мылтық,

Досқа ынтық,

Жан асар ма осыдан?

Қорықпай өтті,

Жанға жетті,

Арман етті досынан».

Мұхтар Әуезов осы өлеңдердің ерекшелігіне назар аударып, былай деп жазған болатын: «Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй-ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ, сырт қалыптары

қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады» (Әуезов М.О) Абайұлы Әбдірахманды әйелі Мағыштың жоқтауы тұр. Бұл жоқтаулардың әрбір сөзі тарихи шындық пен ел рухының терең сезіміне суарылған.

1967-жылы Қарақалпақстанда творчестволық, сапарда жүріп Төлеген Айбергенов ажал қармағына ілігіп қыршын кеткенде, ақындар атынан Алатаудан суыт аттанып "бауырымдап" барған Мұқағали еді. Бір табиғи талант екінші табиғи талантқа еңіреп тұрып еріксіз топырақ салып соңғы сапарға шығарып тұрып:

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,

Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.

Торғай — өлең шырылдап бара жатты,

Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

Міне, тыңдап отырғанымыздай бізге жеткен жоқтаудың небір түрімен таныс болдық. Жоқтау тұрмыс салт жырларының ішіндегі ең көнесі деп айтуға болады екен. Ал, жоқтау Моңғолия қазақтарының ортасында да қалыс қалған жоқ.

Құрманхан Ақмәдиұлы 1964 жылы нағыз кемел шағы енді басталған, қамал алар 40 жасында дүниеден өтеді. Өмірден ерте озған асыл інісін Ақтан ақын былай жоқтаған екен.

Уа, қарағым Құрмашым.

Ақылдасым сырласым.

Қалаулысы халықтың

Мыңмен тең бір басың

Азаматым сымбатым

Түспейтін қолға қымбатым

Ары биік асылым...

Бұл жоқтаулар нақты дарынды ақын, тума таланттардың жүрегінен суырылып шыққан жыр шумақтары болса, қарапайым халық арасында айтылатын жоқтау үлгілеріне көңіл бөлсек: Жоқтау айту керей қазақтарының ортасында дәстүрге айналған. Өлім шыққан үйде міндетті түрде жоқтау айтылған, егер жоқтау айтпаса үлкен сынға қалатын болған. Сол себепті де артында жоқтайтын ұрпағы бар деп бекерден бекер айтпаған. Ал, егер дұрыс жоқтай алмаса да үлкен айып болған. «Жоқтай алмайтын әйел өліктің басын шірік қылады деп» сынаған екен. Халық ара-

сында да не бір шешен суурып салып айтатын эжелеріміз де көп болган. Ал казир суурып салып, көріс айтатын адам кемде деуге болады. Көбінде ауыздан- ауызга тарап осы күнге жеткен жоқтау үлгілерін қолданамыз деуге болады. Өлім шыккан, қаралы үйге барғанда әйтеу дауыс шығарып отырса жоқтап отыр деп шығып жатамыз. Жоқтау деген осы ғой деп ойласақ мүлде қателеседі екенбіз. Жоқтауды жинап, жинап зерттей бастағалы 2 жылдай уақыт болды. Жүрген жерімнен қағазға түсіріп, астарына үнілсек біздің білмейтініміз де өте көп екен. Жоқтаудың көптеген түрлері болатынын және ол жоқтауды орынымен айту керектігіне көз жеткіздім.

О, дүниеде де мініп жүрсін деп қайтқан адамға арнап, жылқы малын соятынын барлығымыз білеміз. Міне соған да байланысты.

➤ **Қайтқан адамға арнап жылқысын жығарда айтылатын жоқтау**

Өуеден бүркіт өріп жүр, а  
Бір- бірімен еріп жүр. а  
Бұйыртса мына жануар, а  
Атыңды апа мініп жүр. а

Есіктің алды қорымды - ай, а  
Білезік салған қолымды - ай. а  
Апама сәлем айта бар, а  
Жануар сенің жолыңда-ай. а

➤ **Мәйіт оң жақта жатқанда айтылатын жоқтау**

Түйем жатыр шаңдақта,  
Жез бұйдасы ақ мақта.  
Жыламай қайтып шыдайын,  
Арысым жатыр оң жақта.  
Мінгендей атым бурыл тай,  
Алтыннан қазық суырылды-ай.  
Арысымды салып оң жаққа,  
Амалым қатты қурылды-ай.  
Есіктің алды қарандыз,  
Жақын еді арамыз.  
Көнелерден айрылып,  
Арманда кетіп барамыз.

➤ **Сүйекті үйден шығарарда айтылатын жоқтау**

Екінті намаз бесінті,  
Белдеуден тұлпар шешілді.  
Қайран да асыл анам-ау,  
Бейішке қарай көсілді.

Базардан алған матаны,  
Беліме бусам батады.  
Қайтейін қайран әкем- ау,  
Қара жерге қалай жатады?!

Өуеден ұшқан бозторғай,  
Балақта жүнің бос болғай.  
Иманды болғыр, апам-ау,  
Қош болғай енді қош болғай.

Ажал келді көлденең,  
Шыбыным қалды өлмеген.  
Кебін киіп аттандың,  
Қоштасып мәңгі елменен.

Қош енді, әкем, қош енді,  
Қоштасқан жерім осы енді.  
Қателігім болса енді,  
Кешір, әкем, балаңды,  
Кеттің-ау, әкем, кеттің-ау!  
Көзімнің жасын төктім-ау!  
Жел ұшырған қаңбақтай,  
Бұл дүниеден өттің-ау!  
Кең дүниеге симадың,  
Артыңда қалды жиғаның.

➤ **Қайтқан адамды жерлеп, сүйекшілер келгенде айтылатын жоқтау.**

Есіктің алды мойылды- ай,  
Мойылдае алдым сойылды-ай.  
Кешеді жүрген әкешім,  
Қандай бір жерге қойылды ай.  
Есіктің алды үш қуыс-ай,  
Жатыр ма екен қу туыс-ай.  
Қайран да асыл анам –ау,  
Топырақ болдың бір уыс-ай.  
Тағдырға сырды алдырдым,  
Басыма қайғы салдырдым.  
Жаным басқа болған соң,  
Топырақпен көміп қалдырдым.  
Жаратқанға жалынып,  
Жарылқа деп табынып,  
Тастап кеттім амалсыз,  
Жатқан соң топырақ жамылып.

➤ **Марқұмның киімін таратарда айтылатын жоқтау**

Жылқы ішінде қаратты,

Бәйгеге қосып таратты.

Келмеске кеткен анам- ау,

Киіміңді бүгін таратты.

Өткен адамның киімін таратқанда да басына түскен адамға шытын, шапанын берерде айтылатын жоқтау.

Анау бір таудың басын- ай,

Күн шалып тұрған тасын-ай.

Жаратқан Аллаам бұйыртысын,

Тартып жүр шытың басына-ай,

Ақ көйлек кидім етіме,

Шытыра салдым шетіне.

Жаратқан Аллаам бұйыртып,

Көйлекті киші етіне.

Ақ балтам сынды мұртынан,

Апашым көшті жұртынан.

Жаратқан Аллаам бұйыртса,

Шапанды киші сыртыңнан...деп басына, ортасына, аяғына түсетін үш адамға да шапанын береді екен.

Келмеске апам кетіпті,

Бұл өмірден өтіпті.

Жаратқан Аллаам бұйыртса,

Аяғыңа киші етікті.... деп аяғына түсетін адамға етігін береді.

Тағы сол сияқты жоқтау жыры ауыздан-ауызға тарағандықтан, осындай жоқтаулардың көптеген варианттарын көруге болады.

Сөзімді түйіндесем **Жоқтау тұрмыс** – салт жырларының ең көне түріне жататын үлкен бір жанры. Өлі де алда үлкен зерттеуді қажет етіп отыр. Сонымен қатар осы келешек буындарымыз, келер

ұрпақтарымызға жоқтау үлгілерін қаз қалпында жеткізу. Қазірдің өзінде, әсіресе, жастарымыз жоқтау дегеннің не екенін де білмей, салғырттық танытатын жағдайлар көптеп орын алуда. Өлімге барғанда жоқтау айтушылардың саны жылдан жылға азайып бара жатқаны қынжылтады. Жаңағы жоғарыда айтылып өткен жоқтаудың түрлерін біз қыр сұмындардан бірен- саран естіп қап жатырмыз. Сонда әліден –ақ жоқтаудың жойыла бастағаны ма? – деген қорқыныш та жоқ емес. Сол себепті де ары қарай 12 сұмыннан Өлгей түбіннен де әрі қарай жоқтауды жинап, салыстырып, талдай отырып, кітап қылып шығарсам деген мақсат қойып отырмын.

#### Әдебиеттер:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан Республикасы мәдениет қоры; «Мұраттас» ғылыми- зерттеу және баспа орталығы, 1992.
2. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. – VIII томдық.– Т.1/Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1984
3. Мұқанов Қ. Абылайхан мен Бұқар жырау // Жаңа Сарыарқа. – 2009. – № 2.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997.
5. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1992.
6. Қазақ энциклопедиясы
7. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007.– 332 б.
8. Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары.– Алматы: Жазушы, 1990.
9. Көлбаева М.К., Исмаилова Ж.Б. Из истории изучения творчества поэтов. Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. 2013. №. 6. С. 270-272.
10. Көлбаева М.К., Исмаилова Ж.Б. Акындар чыгармачылығының изилдөө тарыхынан. Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. 2013. №. 6. С. 258-260.